**"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 шілдедегі N 533 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 24 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6430 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылдың 18 мамырдағы № 362 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 362 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, 145-бабының 1), 2), 3), 13), 14), 22), 26), 28) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (К.С. Оспанов) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Мыналардың:

1) «Медициналық қалдықтарды жинауға, зарасыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және көмуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 23 маусымдағы № 362 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5264 болып тіркелген, «Заң» газеті» газетінде 2008 жылғы 1 тамызда № 116 (1342) жарияланған);

2) «Эпидемиология және гигиена жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 18 тамыздағы № 629 бұйрығының (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3076 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2005 жылғы 20 қазанда, № 130 (754) жарияланған);

3) «Эпидемиология және гигиена жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 18 тамыздың № 629 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 26 қаңтардағы № 41 бұйрығының ( Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4547 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2007 жылы 7 наурызда № 35(1064) жарияланған);

4) «Эпидемиология және тағам гигиенасы санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 18 тамыздағы № 630 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3075 болыптіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2005 жылы, № 19, 180-құжат жарияланған);

5) «Эпидемиология және тағам гигиенасы санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 18 тамыздағы № 630 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 30 мамырдағы № 314 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5257 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2008 жылы 31 шілдеде , № 115 (1341) жарияланған);

6) «Ауруханалық, ана мен бала денсаулығын қорғау ұйымдарының құрылымына және оларды пайдалану барысына қойылатын талаптар» санитарлық ережелері мен нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2002 жылғы 24 маусымдағы № 23 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1913 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2002 жылы, № 33, 770-құжат жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Б. Садықов*

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 533 бұйрығымен бекітілген

**«Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі - санитариялық ереже) денсаулық сақтау объектілерінің құрылысына жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және пайдалануға, жабдықтауға, сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жарықтандыруға және желдетуге, медициналық қалдықтарды жинауға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге, еңбек, тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық қамтамасыз ету, тамақтандыру жағдайларына, медициналық мақсаттағы бұйымдарға стерилизациялау және дезинфекциялау жүргізу жағдайларына, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2011.02.10 № 72 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы ережеде мынадай анықтамалар пайдаланылды:

1) антисептик – жарадағы микробтарды өлтіру мақсатында теріге немесе тінге қолдануға арналған химиялық микробқа қарсы агент;

2) антисептика – емдеуді қамтамасыз ету және инфекциялық процесстің дамуының алдын алу мақсатында терідегі, шырышты қабықшалардағы, жаралар мен қуыстардағы әлеуетті қауіпті микроорганизмдердің тіршілік етуіне бөгет жасау немесе жою әдістерінің жиынтығы;

3) бокс – сырттан науқас келіп түсуіне арналған жеке есігі бар үй-жай. Оның құрамына мыналар енеді: палата, санитариялық торап, ванна және шлюз.

4) санитариялық-көрсетімдік микроорганизмдер – қоршаған орта объектілерінде ықтимал фекальдық ластану және инфекциялық аурулар қоздырғыштарының болуының әлеуетті қаупі жөнінде куәландыратын индикаторлық микроорганизмдер;

5) шлюз – палата, бөлімше және жалпы дәліз арасындағы үй-жай бөлігі;

6) жылжымалы медициналық объект – арнайы медициналық жабдық орнатылған, дәрігер мамандардың кабинеттері бар көлік құралдары (автомобиль, темір жол, теңіз, өзен) базасында орналасқан шұғыл консультациялық-диагностикалық денсаулық сақтау объектісі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2011.02.10 № 72 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3. Денсаулық сақтау объектілерінің құрылысына жер учаскесін таңдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

2. Денсаулық сақтау объектілерінің жаңадан салынған, реконструкцияланған ғимараттарын орналастыруға, олардың құрылысы мен реконструкциясына жобалық құжаттаманы бекітуге, пайдалануға беруге осы санитариялық ереже талаптарына сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бар болғанда жол беріледі.

3. Құрылысқа бұрын қоқыстар төгу, ассенизация алаңдары, малдардың өлексесін көметін орын, бейіт ретінде пайдаланылған жерлерге, топырағында органикалық, химиялық, радиациялық сипаттағы ластанулары бар аумақтарда жер учаскесін бөлуге жол берілмейді.

4. Ұйымдар тұрғын үй құрылысының аумағына, көкжелек немесе табиғи аймақтарға, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерден қалалық, кенттік және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына және осы ережеге сәйкес қашықтыққа орналастырылады.

5. Науқастардың ұзақ уақыт болуына арналған қуаты 1000-нан артық төсегі бар арнаулы ұйымдар немесе кешендер, ерекше режимдегі көрсетілген қуаты бар стационарлар (психиатриялық, туберкулезге қарсы, наркологиялық және басқалары) қоныстанған аумақтан кемінде 500 метр (бұдан әрі – м) ажырауды сақтай отырып қала маңындағы аймақта немесе шеткері аудандарда орналастырылады.

6. Қоныстанған аймаққа ұйымдарды орналастырған кезде емдеу және палаталы корпустар құрылыстың қызыл сызығынан 30 м-ден жақын емес және тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимраттардан кем дегенде 50 м алыс және темір

жолдардан, әуежайлардан, жүрдек автомагистральдардан және басқа да шу көздерінен алшақ орналастырылады.

Ұйымның аумағы арқылы қалалық (ауылдық) пайдаланудағы магистральды инженерлік коммуникациялар (сумен жабдықтау, кәріз, жылумен қамтамасыз ету, электрмен жабдықтау) өтпеуі тиіс.

7. Жер учаскесі құрғақ, таза, атмосфералық ауаны ластау көздерінен алыс болуы тиіс.

## 3. Денсаулық сақтау объектілерінің ғимараттарын жобалауға, салуға, реконструкциялауға, қайта бейіндеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

8. Денсаулық сақтау объектілерінің ғимараттары тоғыз қабаттан жоғары болмай жобаланады. Балалар ауруханаларының палаталы бөлімшелері (оның ішінде аналары бар үш жасқа дейінгі балаларға арналған) бесінші қабаттан жоғарыға, жеті жасқа дейінгі балаларға арналған палаталар және балалардың психиатриялық бөлімшелері (палаталары) екінші қабаттан жоғарыға орналастырылмайды.

9. Корпустар мен басқа ғимараттар арасындағы арақашықтық күн сәулесінің түсуінің, жарықтандырудың, желдетудің және шудан қорғаудың оңтайлы жағдайларын қамтамасыз етуі тиіс.

10. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға, оларға жапсыра-жанастыра салынған ғимараттарға бөлек есігі болған жағдайда, қуаты ауысымына 100 келушіден аспайтын амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін, оның ішінде инфекциялық науқастар мен алкогольдік және есірткіге тәуелділіктен зардап шегетін адамдарға қызмет көрсетуге арналған стационарларды қоспағанда күндізгі стационарлары бар ұйымдарды орналастыруға жол беріледі.

11. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарда мыналарды: пациенттер тәулік бойы болатын стационарды, микробиологиялық (вирусологиялық, паразитологиялық) зертханаларды, магнитті-резонанстық томография бөлімшелерін орналастыруға жол берілмейді.

12. Көп салалы ауруханалардың құрамына кіретін инфекциялық, психиатриялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы бөлімшелер жеке тұрған ғимараттарға орналастырылады. Жоспарлы оқшаулау кезінде және автономды желдету жүйесі бар болғанда туберкулезге қарсы бөлімшені қоспағанда көрсетілген бөлімшелерді басқа бөлімшелермен бір ғимаратта орналастыруға жол беріледі.

13. Инфекциялық және туберкулезге қарсы бөлімшелерде көлік кіретін (есік) жеке жол және көлікті дезинфекциялауға арналған жабық алаң болуы тиіс.

14. Емхана корпусы дербес кіру есігімен учаскенің шетіне орналастырылады.

15. Патологиялық-анатомиялық бөлімше бөлек ғимаратта немесе ас блогын қоспағанда шаруашылық аймағында орналасқан ғимаратқа жапсарлас үй-жайда орналастырылады. Бөлімшеден палаталы корпустарға және ас блогына дейінгі арақашықтық 30 м-ден кем емес болуы тиіс.

16. Патологиялық-анатомиялық бөлімшеде кемінде үш кіретін есік болуы тиіс (екеуі мәйіттерді бөлек қабылдауға және беруге арналған, үшіншісі персоналға арналған). Инфекцияланған мәйіттерді ашуға арналған үй-жай оқшауланады және сырттан кіретін бөлек есігі болады.

Патологиялық-анатомиялық бөлімшенің ғимараты емдеу және босануға көмектесетін үй-жайлардың, ұйымның аумағына жақын орналасқан тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттардың терезелерінен көрінбеуі тиіс.

17. Виварий палаталардан кемінде 50 м және тұрғын үйлерден 100 м арақашықтықта орналастырылады.

18. Стационарлардың палаталық бөлімшелерінің және алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдардың үй-жайларының ауданы осы ережеге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес келуі тиіс.

19. Ғимараттардың цокольды қабаттарында науқастарға арналған қабылдау және палаталы бөлімшелерді, электр-жарықпен емдеу кабинеттерін, босандыру бөлімшесін, операциялық, рентген кабинеттерін, емшара және дәрігерлердің кабинеттерін, шеберханаларды, улы, қатты әсер ететін, жеңіл тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар қоймасын орналастыруға жол берілмейді.

20. Септикалық және асептикалық операциялық блоктар (бөлімшелер) ішкі үй-жайларды қатаң түрде аймақтай отырып (стерильді аймақ, қатаң режим аймағы, «лас» үй-жайлар аймағы) оқшауланған ғимаратта, ғимараттың жапсарлас блогында немесе оқшауланған секцияларында орналастырылады. Операциялық блокты басқа емдеу корпустарынан тыс орналастырған кезде жылытылған өтпелер болуы тиіс. Кезек күттірмейтін хирургияға арналған операциялық бөлімшелер қабылдау бөлімшесінің құрамында орналастырылады.

21. Операциялық блоктарды бірінің үстіне бірін орналастырған кезде септикалық операциялық блоктар асептикалықтан жоғары немесе терапевтік бейінді корпустардың жоғарғы қабаттарына орналастырылады.

22. Операциялық блоктар (бөлімшелер) әрі-бері өтетін жол болмауы тиіс. Операциялық блокқа персоналдың кіруі санитариялық өткізгіштер арқылы, ал науқастар үшін шлюздер арқылы көзделеді.

23. Персоналға арналған санитариялық өткізгіштерде (әйелдер мен ерлерге арналған) үш-үштен көршілес үй-жай болуы тиіс. Бірінші үй-жайда себезгі, санитариялық торап және антисептик ерітіндісі бар дозатор көзделеді, екінші және үшінші персоналдың киінуіне және қолданылған киім-кешекті жинауға

арналады. Себезгі бөлмелер 2-4 операциялық блокқа 1 кабина есебінен жобаланады.

24. Операциялық блоктың (бөлімшенің) сәулет-жоспарлау шешімі мынадай үш бөлек ағынның қозғалысын қамтамасыз етуі тиіс: «стерильді» (хирургтар мен операциялық мейірбикелер), «таза» (науқасты жеткізу, анестезиологтардың, кіші және техникалық персоналдың, таза киім-кешектің, дәрі-дәрмектердің өтуі), «лас» (медициналық қалдықтарды, пайдаланылған төсек әбзелдерін, таңу материалын шығару).

Көп қабатты ғимараттарда ағындар бөлек лифтілермен қамтамасыз етіледі және қиылыспауы тиіс.

25. Реанимация және анестезиология бөлімшелері мынадай 2 бөлімнен тұруы тиіс: аурухананың палаталы бөлімшелерінен түсетін науқастарға және қабылдау бөлімшесі арқылы түсетін науқастарға арналған.

26. 400 және одан да көп төсектері бар ұйымдарда стационар науқастарына және емханалық бөлімше науқастарына арналған екі функционалдық диагностика бөлімшесі болуы тиіс.

27. Микробиологиялық зертхана үй-жайлары зертхананың басқа үй-жайларынан оқшауланады. Микробиологиялық зертхананың келушілерге арналған есігі сырт жақтан болуы тиіс.

28. Қан құюға арналған бөлімше бірінші қабатқа орналастырылады.

29. Көп салалы ауруханалардың ана мен баланы қорғаудың дербес объектілері мен бөлімшелерінің сәулет-жоспарлау шешімі бөлімшелерді аймақтауды, олардың толу және санитариялық өңдеу кезеңділігін қамтамасыз етуі тиіс. Физиологиялық («таза ағын») және обсервациялық («лас ағын») бөлімшелер үшін барлық үй-жайлар бөлек болуы тиіс (вестибюльден және сүзгіден басқа).

30. Физиологиялық және обсервациялық бөлімшелердің қабылдау бөлімелері мен балалар стационарының қабылдау бөлімшелерінде 5 адамға 1 себезгі кабинасы есебінен персоналға арналған киім ілетін орын мен себезгі бар санитариялық өткізгіш жабдықталады.

31. Ана мен бала объектілерінде реанимация және қарқынды терапия палаталары (бөлімшелері) болуы тиіс.

32. Инфекциялық бөлімшелерде жалпы палаталардан басқа бокстар мен жартылай бокстар болуы тиіс. Бокстар мен жартылай бокстардың құрамына дәретхана мен ваннадан тұратын санитариялық торап, палата мен дәліз арасындағы палата және шлюз кіруі тиіс. Бокста сыртқа шығатын тамбур болуы тиіс.

33. Науқастарды қабылдау үшін стационарда (бөлімшеде) мынадай қабылдау-қарау бокстары: 60 төсекке дейін 2 бокс, 60-тан 100-ге дейінгі төсекке

3 бокс, 100-дан артық төсекке төсектердің жалпы санының 3 %-ы болуы тиіс.

34. Балаларға арналған инфекциялық емес бөлімшелердегі қабылдау-қарау бокстары төсектер санының 3 %-ын, ауруханаға жатқызуға арналған бокстар бөлімшедегі төсектер санының 5 %-ын құрауы тиіс.

35. Стационарлық көмек көрсететін барлық денсаулық сақтау объектілеріндегі палаталы секцияның кіру есігінде шлюзі бар өтетін жол болмауы тиіс.

36. Палаталардың, оның ішінде 1 жастан үлкен балалар мен ересектерге арналған күндізгі стационар палаталарының сыйымдылығы 4 төсектен артық болмауы, 1 жасқа дейінгі балалар мен обсервациялық акушерлік бөлімшелер палаталарының сыйымдылығы 2 төсектен артық болмауы тиіс.

37. 1 жасқа дейінгі балалар бөлімшелерінде кемінде 8 төсек болуы тиіс.

38. Жаңа туған нәрестелерге арналған төсектерді жаңа босанған әйелдер палаталарында орналастырады.

39. Екі палаталы секциясы бар бөлімшелерде кемінде 2 емшара бөлмесі болуы тиіс.

40. Балалар бөлімшелерінде үш жастан үлкен балаларға арналған асхана болуы тиіс.

41. 1 жастан үлкен балаларға арналған палаталы секциялардың ванна бөлмесінде 2 ванна, 1 жасқа дейінгі балалар үшін ванналар палаталарда немесе кезекші мейірбикенің үй-жайында болуы тиіс.

42. Күндізгі стационар үй-жайларының жиыны мен ең аз аудандары осы ережеге 4-қосымшада келтірілген.

Ескерту: 42-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010.10.25 № 828 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

43. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту бөлімшесі емханалық бөлімше мен күндізгі стационар келушілері үшін жалпы болуы мүмкін.

44. Терапевтік және хирургиялық бейіндегі науқастарға арналған туберкулезге қарсы стационардың жиыны мен ең аз аудандары осы санитариялық ережеге 6-қосымшада келтірілген.

45. Стационарлардағы (бөлімшелердегі) бір орындық бокстар палаталардың жалпы санының кемінде 30 %-ы есебінен орналасады. Әр бөлімшеде қақырық жинауға арналған бөлме бөлінеді.

Балалар мен жасөспірімдерді емдеуге арналған бөлімше жеке ғимаратта орналасады.

46. Туберкулезге қарсы стационардың әрбір бөлімшесі арасында шлюз құрылғысы бар «таза» және «лас» аймақтарға бөлінеді. Шлюз тез жуылатын, жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдан жасалады және жасанды жолмен іске қосылатын дербес сору желдеткіш жүйесімен, екі бактерицидті

экрандалған сәулелегішпен (әр есіктің үстінде), дезинфекциялау құралдарының ерітіндісіне арналған үстелмен, қол жууға арналған сұйық сабын дозаторы бар қол жуғышпен, медициналық халаттарды ілетін киім ілгіштермен жабдықталады.

Шлюздің ені кемінде 2 м, ұзындығы дәліздің еніндей болуы тиіс. Шлюз есіктері барлық периметрі бойынша саңылаусыз, диагональ бойынша орналасқан , бөлімшенің «лас» аймағы жағына қарай ашылатын және өздігінен жабылатын механизмдермен жабдықталған болуы тиіс.

47. Туберкулезге қарсы стационарда науқас балалар мен жасөспірімдерге жалпы білім беруге жол беріледі.

48. Физиотерапия бөлімшелері «құрғақ» (электрмен, жарықпен, жылумен емдеу кабинеттері) және «ылғал» аймаққа бөлінеді. Емдеудің әрбір түрі бойынша емшара өткізу үшін бөлек үй-жайлар жабдықталады.

49. Физиотерапевтік аппаратура қаңқалары пластмасса немесе ағаш бағандардан не жерленуден еркін (қабырға мен еденнен оқшаулау) металл ( никельденген) құбырлардан орындалған оқшауланған кабиналарда орнатылады. Стационарлық ультражоғары жиілік (бұдан әрі – УЖЖ) және өте жоғары жиілік ( бұдан әрі – ӨЖЖ) генераторлары экрандалған кабиналарда орнатылады.

Электрмен емдеуге және жарықпен емдеуге арналған жабдықтарды бір үй-жайда орналастыруға жол беріледі.

50. УЖЖ қуаты 100 Ваттан (бұдан әрі – Вт) асатын стационарлық аппараттар немесе УЖЖ қуаты кемінде 100 ВТ болатын 4 және одан да көп аппараттар басқа да электрмен және жарықпен емдеу үй-жайларымен көршілес жеке үй-жайда орналастырылады.

51. Кабинада бір аппараттан артық орналастыруға жол берілмейді. Кабина бағанының биіктігі 2,0 м, ұзындығы 2,2 м, ені 1,8 м болуы тиіс. Қуаты 200 Вт асатын индуктотермия, шағын толқынды терапия аппараттарын, УЖЖ генераторларды пайдаланған кезде кабинаның ені кемінде 2 м болып қабылданады.

52. Электрмен емдеу, жарықпен емдеу және ультрадыбыстық терапия бөлімшелерінде (кабинеттерінде) кабиналардың ауданы бір стационарлық аппаратқа кемінде 6 шаршы метр (бұдан әрі – $м^2$) болуы тиіс. Бір кабинада бір стационарлық физиотерапиялық аппарат, бас жағы көтерілетін және жергілікті жарықтандыруға арналған құрылғысы бар бір ағаш кушетка орнатылады.

53. Электрмен ұйықтату кабинеті дыбыс өткізбеу жағдайларында терезелерін тыныш аймаққа бағыттауды ескере отырып өтуге болмайтын аймаққа орналастырылады.

54. Аадамдарға топтық ультракүлгін сәулелеуді өткізуге арналған үй-жайда науқастарға арналған киім шешетін бөлме мен пульт бөлмесі (мейірбикенің

жұмыс орны) болуы тиіс. Сәулеленушілерді бақылау ауданы кемінде 0,5 $м^2$ әйнектелген қарайтын терезе арқылы жүзеге асырылады, пульт бөлмесіне кіретін есік емшара бөлмесінен болуы тиіс.

55. Қауіптілігі 3 және 4-сыныпты лазер қондырғылар қабырғалары күңгірт бетті жанбайтын материалдан дайындалған бөлек үй-жайларда орналастырылады , қауіптілігі 1 және 2-сыныпты лазер қондырғыларын жалпы үй-жайларда орнатуға жол беріледі.

Лазер қондырғылары бар үй-жайдың есіктері үй-жайға лазерлердің жұмысы кезінде кіруді болдырмайтын, блоктайтын құрылғылары бар ішкі құлыппен жабылады. Есікке лазерлік қауіптілік белгісі және автоматты түрде қосылатын мемлекеттік және орыс тіліндегі «Лазер жұмыс істеп тұр, қауіпті!» деген жанатын тақта ілінеді.

56. Иондаушы сәулелену көздері бар жабдықты орнату оны пайдалану құқығына санитариялық паспорты бар болғанда жол беріледі.

57. Топтық ингаляциялау үй-жайы қалған үй-жайлардан оқшауланады. Жеке ингаляциялық аппараттарға арналған компрессор олардың жанында немесе көрші үй-жайда орналасады. Бірнеше емшара орнының ингаляциялық қондырғыға арналған компрессорлары жертөле немесе жартылай жертөле қабатында орналасады.

58. Емдеу уқалауын өткізуге арналған үй-жайлар мынадай: уқалауға арналған кабинеттерден, дәрігер кабинетінен, персоналға арналған себезгі бөлмесінен ( уқалау кушеткасының саны төрт және одан да көп болғанда), персоналға арналған бөлмелерден тұруы тиіс. Уқалауға арналған кабинеттің ең аз ауданы бір кушеткаға кемінде 6 $м^2$ есебінен болуы тиіс.

59. Инемен емдеу бөлімшесінде мыналар: дәрігер кабинеті, науқастарды қабылдауға арналған кабинет (үштен онға дейін кушетка есебінен), емшара кабинеті, науқастарға арналған демалыс бөлмесі және санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар болуы тиіс. Науқастарды қабылдауға арналған кабинеттің ауданы 1 кушеткаға 6 $м^2$ есебінен, бірақ 12 $м^2$ кем емес болып қабылданады.

60. Физиотерапия бөлімшесіндегі (кабинетіндегі) кабиналардың металл құрылымдары қабырғалар мен еденнен оқшауланады, барлық металл заттар мен аспаптар қорғаныш жерлендірілуі тиіс.

61. Конрасталық ванналар үшін өлшемдері 1,75 м-ге 1,75 м және тереңдігі 1,2 (1,3) м болатын екі жапсарлас бассейн болуы тиіс. Бір бассейннен екінші бассейнге өту бассейндер арасындағы баспалдақ бойынша жүзеге асырылады.

62. Балшықпен емдеу залы оларға жалғасқан себезгі кабиналары бар жеке кабиналардан және науқастардың шешінуіне арналған екі кабинадан тұруы тиіс. Науқастарға арналған кіретін есік тек шешінуге арналған және себезгі кабинасы

арқылы болады.

63. Электрлі балшықпен емдеу емшаралары балшықпен емдеу үй-жайының құрамына кіретін бөлек оқшауланған үй-жайда өткізіледі.

64. Емдеу-жүзу бассейндері суының айнасының өлшемдері бір жүзетін адамға 6 $м^2$ есебінен қабылданады.

65. Денсаулық сақтау объектілерінде үй-жай жиыны мен аудандары осы ережеге 7-қосымшаға сәйкес болуы тиіс орталық стерилизациялау бөлімшелері (бұдан әрі – ОСБ) болуы тиіс.

66. Кір жуу орнын жобалау кезінде оның өнімділігі стационардағы 1 төсекке тәулігіне құрғақ төсек әбзелдерінің 2,3 килограмын (бұдан әрі – кг) және амбулаториялық-емханалық ұйымға бір рет келуге 0,4 кг құрғақ төсек әбзелдерін жуу есебінен қабылданады.

Кір жуу орнының бар болуына қарамастан стационарда құрамы мен ауданы өңделетін төсек әбзелдерімен айқындалатын дезинфекциялау бөлімшесі болуы тиіс.

67. Биіктігі екі қабаттан артық ғимараттар лифтілермен, қоқыс жинауға арналған камералары бар қоқыс құбырларымен және көтергіш құрылғылармен жабдықталады.

68. Денсаулық сақтау объектілерінің қабылдау бөлімшесінде түсетін науқастар мен персоналға арналған бөлек санитариялық өткізгіш, инфекциялық стационарда (бөлімшеде) кемінде екі қабылдау-қарау бокстары болуы тиіс. Туберкулезге қарсы стационардың қабылдау бөлімшесінде кемінде екі қабылдау-қарау бокстары мен науқастардың қақырығын жинауға арналған бөлме (кабина) болуы тиіс.

69. Денсаулық сақтау объектілерінің қабылдау бөлімшесі төсек қуатына байланысты мыналармен: ішіне науқастардың киімі мен іш киімдерін салуға арналған таза қаптар қорымен, үй-жайлар мен санитариялық тораптарға арналған бөлек жинау мүкаммалымен, жуу, дезинфекциялау және дезинсекциялау құралдарымен, экрандалған бактерицидті ультракүлгін сәулелегіштермен, арнайы киімдермен және персоналға арналған жеке қорғаныш құралдарымен, педикулезге қарсы және обаға қарсы жиындармен қамтамасыз етіледі.

Инфекциялық және туберкулезге қарсы стационарларда (бөлімшелерде) кіретін есіктер, баспалдақ торлары және лифтілер науқастарды қабылдау және шығару үшін бөлек болуы тиіс.

70. Науқастарға арналған палаталардың, емдеу-диагностикалық және емшара кабинеттерінің жанына шу мен діріл көзі болып табылатын медициналық және инженерлік жабдықты орнатуға жол берілмейді.

71. Арбамен жылжитын мүгедектер үшін пандустар жабдықталады. Әрбір

пандустың басында және соңында ені пандустың енінен кем емес және ұзындығы 1,5 м кем емес көлденең алаң орналастырылады. Пандустың сыртқы бүйір жиектерінде және алаңдарда биіктігі кемінде 5 сантиметр (бұдан әрі – см) болатын қалқалар болуы тиіс. Пандустың еңкею бұрышы $15^{0}$-тан аспауы тиіс.

72. Пандустың немесе мүгедектердің қозғалуына арналған баспалдақ маршының екі жағында биіктігі кемінде 0,9 м қоршаулар, ересектер үшін биіктігі кемінде 0,7-0,9 м және мектепке дейінгі жастағы балалар үшін 0,5 м қос тұтқа орнатылады. Тұтқалардың ұзындығы әрбір жағынан пандустың немесе баспалдақ маршының ұзындығынан кемінде 0,3 м-ге ұзын болуы тиіс.

73. Соқырлар және нашар көретіндер үшін баспалдақтың жоғарғы және төменгі жағында, баспалдақтың бірінші және соңғы сатыларының тұтқалар учаскесі кедір-бұдырмен және қарсылас бояулармен белгіленеді.

74. Денсаулық сақтау объектілерінде науқастар мен персонал үшін шлюздері және қол жуғыштары бар бөлек дəретханалар болуы тиіс.

Соматикалық ауруханадағы палаталы бөлімшелердің науқастарына арналған санитариялық аспаптар (шүмектер, қол жуғыштар, ванналар, унитаздар, писсуарлар) саны, егер олар палаталарда қарастырылмаған болса ерлердің санитариялық торабында 10 адамға 1 аспап, әйелдер санитариялық торабында 8 адамға 1 аспап есебінен қабылданады. Ерлер дәретханасындағы писсуарлар саны унитаздар саны бойынша қабылданады.

Әйелдердің палаталы секцияларындағы санитариялық тораптарда жоғары көтерілетін себезгі бар әйелдер гигиенасы кабинасы жабдықталады.

75. Персоналға арналған санитариялық-тұрмыстық үй-жайларда мыналар:

1) санитариялық аспаптар саны әйелдер үшін кемінде екі аспап және ерлер үшін бір аспап;

2) инфекциялық және туберкулезге қарсы стационарларда (бөлімшелерде) 10 адамға бір себезгі кабинасы, басқа бөлімшелерде орта және кіші персоналдың неғұрлым көп ауысымында жұмыс істейтін 15 адамға кемінде 1 себезгі кабинасы болуы тиіс. Персонал саны аз болған жағдайда бір бөлімшеге бір себезгі кабинасы болуы тиіс.

76. Үй-жайлардың ішін әрлеу олардың функционалдық мақсатына сәйкес орындалады.

77. Үй-жайлардың, ауаөткізгіштердің, желдеткіш жүйелерінің, сүзгілердің ішін әрлеу үшін пайдаланылатын барлық материалдар Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілуі тиіс.

78. Ылғалды жұмыс режимі бар үй-жайлардың, көптеген дәрі-дәрмекке тұрақты микобактериясы бар туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған стационардың үй-жайларының қабырғалары тұтастай көп рет жууға және

дезинфекциялауға болатын, ылғалға төзімді материалдардан орындалады.

79. Денсаулық сақтау объектілерінің өндірістік үй-жайларының (қабырғалардың, төбелердің, едендердің ішкі беттері) ішін әрлеу тегіс, түсі ақшыл болуы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі рұқсат еткен жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып ылғалды жинау жүргізуге жол беруі тиіс.

80. Палаталар, дәрігерлер кабинеттері, холлдар, вестибюльдер, асханалар, физиотерапевтік және басқа да емдеу-диагностикалық кабинеттердің қабырғаларын бояу үшін нитробояуларды қолдануға жол берілмейді.

81. Вестибюльдердегі еденнің бетін жабу үшін механикалық әсерге төзімді материал, операциялық, наркоз, босану бөлімшелерінде антистатикалық қасиеттерге ие материал пайдаланылады.

82. Аспалы төбелерді вестибюльдерде, дәліздерде, холлдарда және басқа да қосалқы үй-жайларда қолдануға жол беріледі.

83. Психиатриялық стационарлардың (бөлімшелерде) терезелері сталинитпен әйнектеледі, үй-жайлардың есіктері арнайы жапқыштармен жабдықталады. Санитариялық-техникалық жабдықтың шығып тұратын бөліктері болмауы тиіс, санитариялық-техникалық арматура науқастар үшін қолжетімсіз болуы тиіс. Жылытқыш құралдар ретінде панельдер, төбеге ілінетін жабық шамшырақтар көзделеді.

84. Мультирезистентті және суперрезистентті туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған бөлімшелерде БК- және БК+ науқастарға арналған палаталарда екі адамнан асырмау есептелуі тиіс.

85. Науқастардан қақырық жинау ауданы 8 $м^2$ кем емес арнайы бөлмелерде жүзеге асырылады. Қақырықты тікелей жинау үшін бөлмелер (ауданы 4 $м^2$ кем емес) үй-жайдың барлық биіктігі бойынша жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдан жасалған қалқамен бөлінеді.

86. Туберкулезге қарсы диспансердің бактериоскопиялық зерттеулер орындауға арналған зертханасында үш бөлек секция болуы тиіс: үстелде орнатылған сору шкафында жшайынды дайындауға және жшайынды ны бояуға арналған екі бөлікке бөлінген үстелі бар жшайынды ларды дайындауға және бояуға арналған; микроскопияға арналған, препараттарды тіркеуге және сақтауға арналған.

87. Гирудотерапия кабинеті денсаулық сақтау объектілерінің немесе дербес объект құрамына кіреді, жанастыра салынған немесе жеке тұрған ғимаратқа орналасады. Кабинетті тұрғын пәтерлерге кіретін есіктен оқшауланған жеке есік ұйымдастыра отырып тұрғын үйдің бірінші және цокольдық қабатына орналастыруға жол беріледі.

88. Гирудотерапия кабинетінде мынадай үй-жайлар болуы тиіс: ауданы 6 $м^2$ кем емес қабылдауды күтуге арналған, ауданы 12 $м^2$ кем емес дәрігер кабинеті, бір кушеткаға 6 $м^2$, бірақ 12 $м^2$ есебінен кабиналармен жабдықталған емдеу емшараларына арналған, тұрмыстық үй-жайлар (ауданы 6 $м^2$ кем емес персонал үшін) және ауданы 3 $м^2$ кем емес дезинфекциялау құралдарын және жинау мүкаммалын сақтауға арналған үй-жай.

89. Балаларға арналған қалпына келтіру емі мен медициналық оңалтудың ( бұдан әрі – орталық) ұйықтайтын үй-жайлары сыйымдылығы әрқайсында 30 төсектен артық емес оқшауланған палаталы секциялардан тұрады. Секция құрамында мыналар болуы тиіс: ауданы 15 $м^2$ кем емес ойын алаңы, 1 орынға 5-6 $м^2$ есебінен ұйықтайтын палата, бір орынға 0,7-0,9 $м^2$ есебінен кептіру шкафтары бар гардероб, буфет бөлмесі.

90. Оқушыларға арналған ұйықтайтын палатаның сыйымдылығы 5 орыннан аспауы тиіс. Екі секцияға киімді үтіктеуге және тазалауға арналған бөлме (1 орынға 0,1 $м^2$ кем емес) және балалардың заттарын сақтауға арналған үй-жай (1 орынға 0,2 $м^2$), 3 жасқа дейінгі балалар үшін 15 төсекке және 3 жастан үлкен балалар үшін 30 төсекке тәуліктік мейірбике посты.

91. Балалар орталықтарында мектеп жасындағы балаларды оқытуға ұйықтау корпустарында бөлінген бөліктерде немесе жеке тұрған ғимаратта орналасқан оқу үй-жайларында өткізуге жол беріледі. Жататын және нашар қозғалатын балаларды оқыту палаталарда өткізіледі. Сынып ауданы бір оқушы орнына 2,5 $м^2$ , рекреация ауданы бір орынға 0,6 $м^2$ есебінен болуы тиіс.

92. Мектепке дейінгі балаларға арналған бөлімшелерде санитариялық тораптар әр секция үшін бөлек орнатылады. Санитариялық тораптар мыналармен жабдықталады: балалар ванналарымен, себезгілермен, раковиналармен, ыстық және суық су қоспалауыштар арқылы келтірілген аяққа арналған жуғыштармен, балалар унитаздарымен, тостағандарды жууға арналған жуғыштармен, тостағандарды сақтауға арналған ссөрелермен, сүлгілер мен жуу құралдарына арналған ашық шкафтармен. 5 жастан үлкен балалар үшін ер балалар мен қыз балаларға арналған жеке дәретхана болуы тиіс.

93. Оқушылар үшін санитариялық тораптар әр секцияда мынадай есеппен жабдықталады: 5 адамға қол жуу үшін бір раковина, 15 адамға аяқ жуу үшін екі жуғыш, 15 қыз балаға екі унитаз және 15 ер балаға бір унитаз және писсуар, 15 адамға себезгі кабинасының бір аспабы, 15 адам үшін бір ваннаға ауданы 6 $м^2$ ванна бөлмелері, 15 қыз балаға екі кабина есебінен, иілгіш шлангі және раковинасы бар табандықпен жабдықталған ауданы 4 $м^2$ қыз балалар гигиенасы

бөлмесі.

94. Ересектерге арналған орталықтың жатын бөлмелері бір пациентке 7 $м^2$ есебінен, бірақ 9 $м^2$ кем емес ауданмен бір-екі орынға есептелінеді.

95. Мүгедектерге арналған жатын бөлмелер бірінші қабатта орналасады. Мүгедектерге арналған тұрғын бөлмелер мен тұрмыстық үй-жайлардың есік жақтауларының ені 1,2 м-ден кем болмауы тиіс. Кіретін есіктер автоматты ашылатын және жабылатын (не жылжитын) есіктермен, дәліздерде қабырғалардың бойы мүгедектердің қозғалуы үшін тұтқалармен жабдықталады.

96. Кресло-арбада қозғалатын мүгедектер үшін дәретханаларда ені 1,65 м кем емес және тереңдігі 1,8 м кем емес, қабырғаға қағылған тұтқа түрінде арнайы құралдармен жабдықталған кабина көзделеді. Себезгі бөлмелерде еден деңгейінен 90-130 см биіктікте тік тұтқа, ваннада көлденең тұтқалар орнатылады.

97. Палаталы секцияда персоналға арналған санитариялық торап және ауданы 6 $м^2$ кем емес, су ағызатын құралмен және раковинамен жабдықталған санитариялық бөлме болуы тиіс.

98. Орталықтың тұрғын корпусында мыналар көзделеді: емшара бөлмесі, таза және лас киім-кешекке арналған бөлек қоймалар, тұрмыстық бөлме, кезекші персоналдың бөлмесі және жинау мүкаммалын және дезинфекциялау құралдарын сақтауға арналған үй-жай.

99. 100 төсекке дейінгі стационар жанындағы патологиялық-анатомиялық ұйымның және мәйітхананың жалпы ауданы кемінде 44 $м^2$, қуаты үлкен болғанда 2000 орынға арналған стационарда 1 төсекке - 0,77 $м^2$ есебінен, 300-400 орын – 0,83 $м^2$, 1000 орын – 0,68 $м^2$ көзделеді. Сот медицинасы орталығы бөлімшесінің ауданы өткізілетін зерттеулер көлемімен анықталады.

100. Патологиялық-анатомиялық бөлімшеде және мәйітханада үш кіріп-шығатын есік болуы тиіс, екеуі мәйіттерді бөлек қабылдауға және беруге арналған, үшіншісі персоналдың пайдалануына арналған.

101. Мәйітханада мынадай үй-жайлар көзделеді: мәйіттерді қабылдау және сақтау бөлмесі, секциялық, оның ішінде бөлек сыртқы есігі мен кіретін жолдары бар инфекциялық аурулардан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін ашуға және беруге арналған кіші секциялық, салт-жора рәсімдері және мәйіттерді беруге арналған бөлме, тіркелген материалдарды, киімдерді, табыттарды және басқа да мүліктерді сақтау бөлмесі, персоналға арналған тұрмыстық үй-жайлар.

102. Патологиялық-анатомиялық бөлімшелерде секциялық материалды зерттеуге арналған қосымша зертхана болуы тиіс.

Сот-медициналық сараптама жүргізу кезінде заттық айғақтарды сақтауға арналған жеке бөлме бөлінеді.

103. Ғимарат ішінде мәйіттерді тасымалдауға, ашуға, тіркелмеген секциялық

материалды өңдеуге және сақтауға байланысты үй-жайлар гистологиялық зертханадан, дәрігерлер мен қызмет көрсететін персоналға арналған үй-жайлардан, мұражайдан және тұрмыстық үй-жайлардан тамбур немесе дәліз арқылы бөлінеді.

104. Мәйіттерді сақтауға арналған үй-жайды жертөледе немесе ғимараттың цокольды қабатында орналастыруға жол беріледі.

105. Секциялық үй-жайларды мәйіттерді беру үй-жайына тікелей жақын орналастыруға жол берілмейді. Инфекциялық аурулардан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін ашуға арналған үй-жайдың бөлек артық, сыртқы кіру-шығу есігі болуы тиіс.

106. Мәйіттерді сақтауға арналған үй-жайлардың, секция алдындағы, секциялық, мәйіттерді киіндіруге арналған бөлменің және қаза рәсімі өтетін залдың есіктерінің жақтауларын және құрылымын жоспарлау зембілдердің және арбаның еркін өтуін қамтамасыз етуі тиіс.

107. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту аумағында дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарының аймағында спорт алаңдары (1 орынға 20м$^2$ есебінен) және пациенттердің жас ерекшеліктерін ескере отырып жабдықталған, емдік дене шынықтырумен айналысуға арналған алаң орналасады .

108. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту аумағында еңбекпен емдеу үшін учаскелер болуы тиіс (бау-бақша өсіру, гүл өсіру, бақша егу).

109. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту кезінде жағажай орнатуға жол беріледі. Жағажай жатын үй-жайлардан (корпустардан) кемінде 1,2 километр (бұдан әрі – км) арақашықтықта су айдынының жаға аумағының оңаша учаскесінде орналасады, олардың қолайлы кіретін жолдары, кіреберістері және ашық жерлері болады немесе көлік көтеру құралдарымен жабдықталады.

110. Жағажайдың аумағында аэрарий, солярий, емдік дене шынықтыру алаңы , көлеңке қалқалар, жағажайдағы демалушылардың 40 % дейін пайдалануын есепке алу арқылы қол шатырлар, медициналық және құтқару пункттері, климатотерапевт дәрігер кабинеті, себезгі бөлмесі, санитариялық тораптар, гардероб орналасады. Шомылу аймағының шекарасы айыратын белгілермен белгіленеді.

## 4. Денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларын және жабдықтарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

111. Жабдықты орналастыру және пайдалану оған қойылатын нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес жүргізіледі:

1) операциялық, босандыру блоктарында зиянды заттарды жұтатын және жоятын құрылғы болмаса наркоз және басқа да аппараттарды, сондай-ақ герметизациясы бұзылған газ беру жүйесін қолдануға жол берілмейді;

2) емшара, ингаляция кабинеттерінде, таңып-байлау және стерилизация бөлімшелерінде раковинамен және кәрізге ағызумен жабдықталған, уыттылығы жоғары дәрі-дәрмектерді пайдалануға байланысты манипуляцияны орындау үшін сору шкафтары орнатылады.

112. Үй-жайлар, жабдықтар, медициналық және басқа мүкаммал тазалықта ұсталады. Ылғалды жинау (еден, жиһаз, жабдық, терезе алдылары, есіктер) Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдану арқылы тәулігіне кемінде екі рет жүргізіледі.

113. Терезе әйнектерін сүрту айына кемінде бір рет ішінен, 3 айда кемінде бір рет және ластануына қарай сыртынан жүргізіледі. Барлық жинау мүкаммалы таңбаланады, белгіленуіне сай пайдаланылады, өңделеді және арнайы бөлінген орындарда бөлек сақталады.

114. Палаталы бөлімшелерді және басқа да функционалдық үй-жайларды жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып күрделі жинау кесте бойынша айына 1 рет, қабырғаларды, еденді, жабдықтарды, мүкаммалды, шамшырақтарды өңдеу арқылы жүргізіледі.

115. Операциялық блокты, таңып-байлау, босандыру залдарын, емшара, манипуляциялық, стерилизациялау үй-жайларын күрделі жинау жабдықтарды, жиһазды, мүкаммалды өңдеу және дезинфекциялау арқылы аптасына бір рет жүргізіледі.

116. Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жабылған стационарды ашуға санитариялық-эпиемиологиялық тексеру актісін бере отырып, тиісті аумақтағы, көліктегі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органының келісімі бойынша жол беріледі.

Ескерту: 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.06.06 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

117. Операциялық, таңып-байлау, босандыру залдарында, реанимация палаталарында, жаңа туған және шала туған нәрестелер мен бір жасқа дейінгі нәрестелер палаталарында, емшара, инфекциялық бокстарда, сүт бөлмелерінде әрбір жинаудан кейін 30 минутқа ультракүлгін сәулелегіштер қосылады.

118. Экрандалмаған жылжымалы бактерицидті шамдар үй-жай көлемінің 1 $м^3$-не 2,0-2,5 Вт қуат есебінен орнатылады. Экрандалған бактерицидті шамдар үй-жайдағы адамдарға сәуленің бағытталмауы жағдайында үй-жай көлемінің 1 $м^3$-не 1,0 Вт қуат есебінен еденнен 1,8-2,0 метр биіктікте орнатылады.

Шамдардың жұмысы арнайы журналда тіркеледі. Шамдарға арналған ажыратқыш үй-жайға кіреберісте орналасады және мемлекеттік және орыс тілінде «Кіруге болмайды, бактерицидті сәулелендіргіш қосылып тұр!» деген жанатын тақтамен блокталады. Персоналдың үй-жайға кіруіне бактерицидті қондырғы ажыратылғаннан кейін 30 минуттан соң және үй-жай желдетілгеннен кейін рұқсат етіледі.

119. Науқастардың киімдерін ауыстыру ластануына қарай, бірақ жеті күнде кемінде бір рет жүргізіледі. Науқастардың бөлінділерімен ластанған киімдер тез арада ауыстырылады. Босанған әйелдердің төсек әбзелін ауыстыру әрбір үш күн сайын, іш киімдері, сүлгі және төсем сулықтар күнделікті және қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

120. Асептикалық режимдегі операциялық, босандыру блоктарында және басқа да үй-жайларда аруханалық стерильді немесе бір реттік киім-кешек пайдаланылады.

121. Пайдаланылған аурухана киімдерін жинау тығыз арнайы ыдыста ( клеенка немесе полиэтилен қаптар не жабдықталған киім-кешекке арналған арбалар) жүзеге асырылады. Бөлімшелерде лас киім-кешектерді бөлуге жол берілмейді.

122. Бөлімшелерде лас киім-кешектерді уақытша сақтау (12 сағаттан асырмай ) санитариялық бөлмелерде немесе осы мақсат үшін арнайы бөлінген басқа да үй-жайларда жууға және дезинфекциялауға жеңіл (металл, пластмасса бөшкелер) жабық ыдыста жүзеге асырылады. Лас киім-кешектермен жұмыс үшін персонал ауыстырылатын санитариялық киіммен қамтамасыз етіледі.

123. Таза киім-кешектер арнайы бөлінген үй-жайларда немесе шкафтарда сақталады. Киім-кешек таңбаланады.

124. Киім-кешектерді жуу денсаулық сақтау объектілеріндегі кір жуу орындарында жүзеге асырылады. Жеке кір жуу машинасы бөлінген жағдайда аурухана киім-кешектерін кір жуу орындарында жууға жол беріледі. Инфекциялық, обсервациялық және іріңді-хирургиялық бөлімшелердің киім-кешектері жуу алдында дезинфекцияланады.

125. Патологиялық-анатомиялық бөлімшенің арнайы киімдері мен басқа киім-кешектері ұйымның кір жуатын орнында басқа бөлімшелердің киім-кешегінен бөлек алдын ала зарасыздандырылғаннан кейін жуылады.

126. Таза және лас киім-кешектерді жеткізу оралған күйде арнайы бөлінген көлікте жабық таңбаланған ыдыста («таза» немесе «лас» киім-кешек) жүзеге асырылады.

127. Науқасты ауруханадан шығарғаннан кейін (қайтыс болғанда), сондай-ақ ластануына байланысты матрацтар, жастықтар, көрпелер кейіннен дезинфекциялық камерада өңдеу арқылы ауыстырылуы тиіс.

128. Науқастар стационарға келіп түскен кезде қабылдау бөлімшесінде санитариялық өңдеуден өтеді және таза іш киімдер, (пижама, ішке киетін аяқ киім) алады. Стационарда (туберкулезге қарсы ұйымдарда емделіп жатқан науқастарды қоспағанда) науқастардың, жүкті әйелдердің, жаңа босанған әйелдердің және жаңа туған нәрестелердің үй киімімен жүруіне жол беріледі.

Ескерту: 128-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011.06.06 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

129. Денсаулық сақтау объектісінің персоналы күнделікті ауыстыру қамтамасыз етілетін көлемде ауыстырылатын арнайы киім жиынымен қамтамасыз етіледі. Арнайы киімді сақтау жеке шкафтарда жеке басының киімінен бөлек, жуу орталықтандырылған және науқастардың киім-кешегінен бөлек жүзеге асырылады.

130. Медициналық персонал әрбір медициналық манипуляцияның алдында, « лас емшараларды» (үй-жайларды жинау, науқастардың киім-кешектерін ауыстыру, дәретханада болу) орындағаннан кейін қолдарын жууы, бір рет қолданылатын сулықпен кептіруі тиіс. Ластану көрінбеген жағдайда қолды тері антисептигімен алдын ала жумай өңдейді.

131. Терінің бүтіндігі және шырышты қабықтар бұзылуына байланысты барлық медициналық қызметтер бір реттік қолданылатын қолғаптармен көрсетіледі.

132. Тамшы инфекцияларымен ауыратын науқастардың палатасына кіру кезінде және тұмау ауруы бойынша қолайсыз кезеңде персонал маска немесе арнайы респиратор киеді. Маскалар ластануына қарай, бірақ әрбір 4 сағаттан жиі емес ауыстырылады.

133. Метициллин (оксациллин)-резистентті алтын түстес стафилококк, ванкомицин-резистентті энтерококк тудырған кез келген жерде орналасқан инфекциясы бар пациенттер оның пайда болған мерзіміне қарамастан жеке палаталарға оқшаулануы тиіс. Палатаға кірер кезде персонал маска, арнайы киім, қолғаптар киеді. Шығар кезде қолғаптар шешіледі, қол құрамында спирт бар тері антисептигімен өңделеді.

134. Күтім заттары мен басқа да медициналық аспаптар тек осы пациент үшін ғана пайдаланылады. Пациенттерді таңып-байлау палатада жүргізіледі. Пациентті шығарғаннан кейін қорытынды дезинфекция, төсек әбзелдерін камералық зарарсыздандыру, ауаны ультракүлгін зарарсыздандыру жүргізіледі.

135. Анаэробты инфекциясы бар науқас жеке палатаға жатқызылады, шығарылғаннан кейін төсегі, төсек жанындағы тумбасы және барлық беттер 0,5% жуу құралының ерітіндісі бар 6 % сутегі тотығы ерітіндісіне немесе анаэробты инфекцияға қатысты белсенді басқа дезинфекциялық құралға мол

батырылған шүберекпен сүртіледі. Төсек әбзелдері камералық дезинфекцияға ұшырайды, жуу алдында лас киім-кешек, ыдыс, жеке күтім заттары бактериялардың споралық түрлеріне арналған режим бойынша дезинфекциялық ерітіндіде зарарсыздандырылады.

136. Палаталарды, операциялық, таңып-байлау бөлмелерін жинау күніне кемінде екі рет респиратор мен қолғапты пайдаланумен 0,5 % жуу құралы ерітіндісі бар 6 % сутегі тотығы ерітіндісін қолдану арқылы ылғалды тәсілмен жүргізіледі. Дезинфекциядан кейін үй-жай ыстық сумен жуылады, ауа 1,5-2 сағат бойы бактерицидті сәулелегішпен зарарсыздандырылады.

137. Пайдаланылғаннан кейін жинау мүкаммалы атмосфераның 2 кгс/см (132 $^{0}$C ± 2) кезінде 20 минут бойы автоклавталады немесе бактериялардың споралық түріне арналған режим бойынша дезинфекцияланады және арнайы бөлінген орында сақталады.

138. Палаталарда 4 төсек қойылады, тумбалар мен орындықтар төсек санына байланысты. Төсектің бастары арасындағы және төсек бастары мен қабырға арасындағы арақашықтық кемінде 1,2 м, төсектің бүйір жақтары арасындағы арақашықтық кемінде 0,8 м, балалар және қалпына келтіру емі палаталары мен медициналық оңалту палаталарында кемінде 1,2 м болуы тиіс.

139. Әр бөлімше шағын механикаландыру құралдарымен жабдықталады ( қоларба, орындық-арба, дәрілер, киім-кешек, тамақ, қалдықтар тасымалдауға арналған арбалар).

